ТАҒЫМ



Ұмытылмас тұлғалар

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің "Мемлекеттік тілді оқыту" кафедрасының аға оқытушысы Рана Арынбаева мен "Практикалық орыс тілі" кафедрасының аға оқытушысы Римма Арынбаеваның ұйымдастыруымен ЕП16-1р тобы мен ЭФ16-1к1 топтарында **«Ер ерлігі ел есінде»** атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сөз кезегін алған "Мемлекеттік тілді оқыту" кафедрасының аға оқытушысы Рана Арынбаева естеліктер айтып, соғыс жылдарындағы қиыншылықтар мен майданда болған ерліктер жайлы өз ойын білдірді.

1941 жылы ел басына күн туып, ер азаматтар ел қорғауға аттанар шақта әрбір адамның жүрегінде қорқынышты сезім болғаны туралы әжеміз Дәмелі көзіне жас ала отырып еске алатын. Осындай шақта: «Елді қорғау – ер азаматтың ісі» деген нық сөзімен Арынбай атамыз алғашқылардың бірі болып, соғысқа өз қалауымен аттануға өтініш жазған еді. Осы өтініштен кейін көп ұзамай, яғни 1941 жылы жазда Жұмағұлов Арынбай ата Шаян ауылынан соғысқа аттанды. Бұл кезеңде әжеміз Дәмелі бір ұл, үш қызымен елде қалды. Атамыз соғысқа аттанарда үйдегілермен мәңгілікке қоштасуы ең қиын іс болғанын әжеміз күрсіне отырып еске алушы еді. Ол кісі: «Сол жылы күз ерте түсіп, соғыс зардабы аздай, күн өте суық болып, тыл жұмысына жегілген әйелдер шулап, колхозда күз бойы аянбай еңбек етті. Еңбекақысына жарты қап бидай беріліп, барлық астық соғысқа жіберілді. Қыс айлары да ерекше суық болып, елді көп әбіржітті. Солдаттардың жылы киімі мен қолғабына дейін түнімен тоқып, майданға жіберіп отырдық», - дейтін. Соғыс жылдары әйелдер тылда бейнет кешсе, ер-азаматтар мұз жастанып, қар кешіп, қыс демей, жаз демей соғысып жатты.

Күзде Арынбай атамыздың «Ленинградта ертең басталатын үлкен соғыс шайқасына дайындалып жатырмыз, біз алғы шепте соғысатын болдық» деген хаты келген. Бұл Ленинград блокадасының тұсы еді. Жамбыл Жабаев атамыздың «Ленинградтық өрендерім» атты әйгілі шығармасы дәл осы солдаттарға арналған болатын. Хат соңында: «Бұл ұрыстан тірі қаламыз ба, білмеймін», -деген ойы бар. «Егер мен соғыстан қайтпасам, балаларға өзің бас-көз бол»,-деп хатты аяқтаған. Бұл хат, өкінішке орай, Арынбай атамыздың соңғы хаты болды.

Осы хат арқылы біздің атамыздың Ленинград шайқасына қатысқаны жайлы біліп, анамыз Қалбике мен әпкеміз Роза оның дерегін де сол жерден іздеткен. Нәтижесінде оның дерегі табылып, Волгоградта қайтыс болғаны, ондағы «Бауырластар зиратында» жерленгені белгілі болды. Бұл ойларды көп жылдан бері айтып, атамызды іздеуге мұрындық болған да анамыз Қалбике болатын.

Соғыстан бұрын атамыз Шаян ауданында (қазіргі Бәйдібек ауданы) ауылдық кеңестің (сельсовет) төрағасы болып ұзақ уақыт қызмет істеп, одан Аудандық атқару комитетінің Бірінші хатшысы қызметіне ауысқандықтан, елді басқару ісіне алдымен соғыстан қалдырылады. «Отан үшін отқа түс, күймейсің!»-деп ұрандатқанда, атамыз соғысқа аттануды ойлайды. Екі тілді

жетік білген Арынбай атамыз жастайынан-ақ алғыр атанып, қызметке ерте бастан араласып, өз еңбегінің арқасында ауданға белгілі тұлға болған.

Біздің тыныш өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан қаншама ерлер болды десеңізші! Қазір біз соғыстан қайтқандар мен медаль алғандарды ғана айта аламыз. Ал осы күнге дейін дерек болмай, белгісіз қалған батырлар жайлы қай жылы әңгімелесек те, кеш емес дер едім. Әжеміздің қолына «қара қағаз» келмеген, себебі әр үйге қара қағаз тапсырып жүрген поштаны шулап жоқтау айтып жылаған әйелдердің даусынан құлағы тұнып, сол соғыстың алғашқы жылдарында келген қара қағаздарды суға ағызып алдым деп, жесір әйелдерді үміттендірмек болған. Сондықтан 2009 жылы 100-ден асқан шағында дүние салған әжеміз үмітін арқалаған бойы өмірден озды. Ал біз Арынбай атамызды Ленинград шайқасы болған жерден іздеуді жөн көрген едік.

Атамыздың Қозыкеев Сабаз деген інісі 1942 жылы соғысқа алынып, елге аман оралған болатын. Сол кісі осы ағамыздың ұрпағына ілім дарыған, ғылымда сендер алғыр боласыңдар деп ылғи айтып отыратын. Атамыз жастайынан сауатты болғандықтан ұлы Әнуарбекті (менің әкем) Шаяннан ертіп келіп, Сайрам ауданындағы орыс мектебіне кішкентайынан берген. Есейген соң Шымкент қаласындағы автотехникумда дәріс бере жүріп, № 2 автобаза мекемесінің бас инженері қыметін атқарған. Алар асуы әлі алда шағында ол кісі де жастай өмірден озды.

Осы бір әкеден тараған үш қыз бен бір ұл - бәріміз сабақты өте жақсы оқыдық. Мектепті алтын медальмен, жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітірдік. Енді біздің студенттерге өнеге боларлық бір жайды айта кетейін. Үйдің ең үлкені Арынбаева Роза М.Әуезов атындағы №32 мектепті алтын медальмен бітірсе, 1991 жылы Арынбаева Рана Шымкент педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік (қызыл) дипломмен бітірді. Ал Арынбаева Римма Шымкент педагогикалық институтының қазақ мектептеріндегі орыс тілі мамандығын үздік (қызыл) дипломмен аяқтады. Онан соң ең үлкен әпкеміздің қызы Қизбаева Жанар 2013 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік (қызыл) дипломға бітірді. Ал әпкеміз Роза мен Қайраттың ұлы Қизбаев Әлібек 2015 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің автоматтандыру және басқару мамандығын үздік (қызыл) дипломмен аяқтады. Ал менің ұлым Әбу Нұрбек 2015 жылы Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжін үздік (қызыл) дипломмен бітіргенде, сол Сабаз атамыздың болжамын оның баласы есіме салды. "Сендерге ғылым, білім дарыған ұрпақсыңдар" демесі бар ма? Батыр да, ержүрек атаның ұрпағы тек қана осылай болуы керек деп ойланып қалыпты. Бір ұрпақтан бәрі де қызыл дипломмен бітіру деген кездесе бермейтін болар. Қыздардың үшеуі де М. Әуезов атындағы ОҚМУ оқытушылары. Ұлы Мұхамед Әли – Шымкент политехникалық колледжінде кафедра меңгерушісі. Немерелерінің барлығы осы дәстүрді жалғастыруда. Отанын қорғап, соғыста шейіт болған Арынбай атамыздың артынан қалған ұрпақ осылайша өсіп-өнуде.

Тәрбие сағатында осындай сырлар айтылып, Ұлы Отан соғысының маңызы мен тәрбиелік мәні студенттерге түсіндірілді. Аға оқытушы Арынбаева Римма сөз алып, Жеңіс күнімен құттықтай отырып, ашық тәрбие сағатын тағылымы мол сөздерімен қорытындылады. Студенттер Даңқ мемориалына қойылған тақтадағы ерлер есіміне тағзым етті.

Рана АРЫНБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ филология факультеті «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасының аға оқытушысы
Римма АРЫНБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Практикалық орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы

Ел есінде мәңгілік

9-мамыр - Жеңіс күні...Бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ... Жеңіс жолында, тәуелсіздік үшін ата-бабаларымыз не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан қайғы да, аштық та, сұм соғыс та өтті.

Ұлы Отан соғысы халқымыздың басына төнген ең ауыр күндердің бірі болды. Күні-түні жан аямай өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жаңқиярлық соғыс жүріп жатты. Ұлан-байтақ жер үшін қорқу деген сезімді жүрегінен алып тастап, қанды қырғында қаймықпай қарсы тұра білді. Айқас алаңында өшпес ерлік жасаған батырлар: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Л.Беда,Төлеген Тоқтаров, Т.Бигелдинов, т.б. есімдері ел есінде мәңгі сақталады. Осы батырларымыздың Отанға деген ұлтшылдық, шексіз сүйіспеншіліктері мен адалдықтары бүгінгі күнде жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып келеді.

Осындай сұрапыл соғыста еліміздің абыройы мен даңқын асқақтатқан ержүрек азаматтардың асқан табандылықтары мен қайтпас қайсарлықтарының арқасында Еуразия жүрегінде ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар Қазақстан Республикасы бой түзеді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жері-не деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Міне, біз осындай текті халықтың ұрпақтарымыз.

9-мамыр мереке ғана емес, бұл - ауыр еңбек, бұл - халықтың батырлығы. Ал біздің парызымыз-осы күнді есте сақтау. Келешекте еліміздің, кең-байтақ жеріміздің гүлденуіне өз үлесімізді қосу, қорғау - жас ұрпақтың міндеті.

А.А.ДАРИБАЕВА,
К.С.БАЙРХАНОВА

«Мен өмірден алатын еншімді әлі алғаным жоқ, мен өмірді қатты сүйемін, менің өмір сүргім келеді»,-деп бар даусыммен айқайлағым келеді».(Б.Бұлқышев)

Кеудесімен оқ тосқан Баубек сынды бауырлардың Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында жеңіске жеттік. Олар, Баубек сөзімен айтқанда, XX ғасырдың биік белінде, асқар шыңында тұрған бауырларымыз еді. «Адам деген – айбарлы үн»» ұранымен елін, жерін, Отанын қорғаған батырларымыз еді.

Қазіргі жастардың «өмір туралы» түсінігі басқаша... Олардың да өмір сүргісі келеді, егер ақшасы көп болса... Жаңа технологияның мүмкіндіктерін тиімді пайдалану да сауаттылық қой. Дегенмен интернет желісіндегі әр түрлі материалдар бейбіт өмірдің «фашистіне» айналды. Жастарды азғыруда...

Менің ойымша, жүректегі имандылық, өмірге деген көзқарасты түзейді. Яғни, өмірді мәнді өткізудің тура жолын көре аласың. Қазіргі кезде өз еліннің патриоты болу – үлкен азаматтық іс. Бұл сезім жоғалса, еліміздің тұтқасын, «Мәңгілік ел» қағидасын ұстап тұра алмаймыз.

Ол үшін жақсы білім алып, басқа алдыңғы қатарлы елмен тең екенімізді дәлелдей отырып, ұлттық құндылықтарымыз бен ата-баба мойынұсынған дініміз бен діліміздің сақтай білуіміз керек.

Менің де өмір сүргім келеді. Өмір сүру – имандылықты жүрегіме сіңіру, ата-ана үмітін ақтау, елімнің «Сәулет өнерін» асқақтатып, әлемге танылу, әлем мінбесінде өзімнің «қазақ» екенімді мақтанышпен айту, көк туымды көкке көтеру. Ол – жеңіс. XXI ғасыр жеңісі.

М.А.МУСАНТАЕВА, аға тәлімгер,
Ж.НУРХАЛИЕВ, СМ-16-5к1 тобының студенті